

**Педагогикалық кеңес №1**

**02. 09. 2022ж**

Қатысқандар :  
Шағын орталықтың  
директоры: Мусаева.С  
әдіскер : Сагпазова. Г  
Тәрбиешілер: 6

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру, талдау, бекіту және жаңа стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар, үлгілік оқу жоспары туралы толық түсіндіру
2. Жаз айларындағы жоспардың қорытынды есебі, (фото,слайд)
3. Балаларыдың құзіреттілігінің бастапқы деңгейі мониторинг бойынша психологтің есебі
4. Жаңа оқу жылына балалардың дайындығын жоспарлау, топтарды безендіру, құжаттар мен педагогикалық құрал-жабдықтарды түгендеу т.б

**Тыңдалды:**

Алдымен бірінші мәселе бойынша директоры Мусаева С сөз сөйлеп Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер жаз мезгілінің қорытынды есебін слайдпен қорғап шығып түсінік беріп өтті. Кері байланыс жасалып тәрбиешілерге сұрақтар қойылды.

3. Балаларыдың құзіреттілігінің бастапқы деңгейі мониторинг бойынша психологтің Кулибаева есебі бойынша түсіндіріп өтті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Сагпазова Г Жаңа оқу жылына балалардың дайындығын жоспарлау, топтарды безендіру, құжаттар мен педагогикалық құрал-жабдықтарды түгендеу, топтың тексеріс жайлы есеп берді. Өліде көрнекіліктер мен жабдықтарды жасақтау бойынша топ тәрбиешілерге тапсырмалар берілді.

**Шешімі:**

1. Бірінші мәселе бойынша жаңа үлгілік оқу бағдарламасына түсініктер жүргізілсін
2. Екінші мәселе бойынша тәрбиешілерге жаздың жоспарлары түгел тапсырылсын.
3. Балаларыдың құзіреттілігінің бастапқы деңгейі мониторинг жүргізу қолға алынсын.

4. Төртінші мәселе бойынша топтың ішін жабдықтау, ертегі дидактикалық ойындарды жасақтау бекітілсін

Жиналыс төрайымы:  
Хатшы:



Мусаева Г  
Сагпазова Г

10.01.2023ж

Шағын орталықтың  
директоры: Мусаева. С  
әдіскер : Сағпазова Г  
Тәрбиешілер:6

1. №1 Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы. (дөңгелек үстел)
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға математиканы оқытудың қазіргі заманғы тәсілдері». Кеңес
3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру барысында жұмыс тәжірибесінен ойын тәсілдерін қолдану». Баяндама.

Алдымен бірінші мәселе бойынша директоры Мусаева сөз сөйлеп Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша әдіскер: Сағпазова. Г «Мектеп жасына дейінгі балаларға математиканы оқтудың қазіргі заманғы тәсілдері» кеңесін оқып түсінік беріп өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші: Қарасаева А «Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру барысында жұмыс тәжірибесінен ойын тәсілдерін қолдану». жайындап түсінік беріп өтті.

1. мәселе бойынша топтың ішін жабдықтау, ертегі дидактикалық ойындарды жасақтау бекітілсін
2. Математика оқу қызметінде үлестірмелі материалдарды жабдықтау.
3. Ересек тобында математика оқу қызметіне дидактикалық ойындардың картотекасын толықтыру.

Төрағым:

Мусаев  
Сабира  
Рыскуловна

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АМҒЫСТАУ ОБЛ.  
ІШҚИ БАДШАСЫ АМҒЫСТАУСҚА ОБЛ. АМҒЫСТАУСҚА

430720111347

Мусаева С  
Сагпазова Г

Педагогикалық кеңес №3

15.05.2023ж

Қатысқандар :

Шағын орталықтың  
директоры: Мусаева. С  
әдіскер : Сағпазова Г  
Тәрбиешілер:6

Күн тәртібінде:

|                                                                                                                                             |           |       |          |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-------|----------|
| № 2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалысы туралы                                                                                         | Мәлімдеме | Мамыр | Директор |
| Дөнгелек үстел: «2022-2023оқу жылында оқу-тәрбие жұмыстары бойынша жасалған жұмыстардың жылдық қорытындысы» (б/б жұмысы және оның нәтижесі) | Мәлімдеме | Мамыр | Директор |
| Жаз мезгілінің жоспарларымен танысу<br>Жазғы мезгілдің жұмыс жоспарын, кестесін, шынықтыру жоспарын бекіту                                  | Шешім     | Мамыр | Директор |

Алдымен бірінші мәселе бойынша директоры Мусаева сөз сөйлеп Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтып өтті. 1-қыркүйек 2022/2023 оқу жылында №1 «Күншуақ» тобы 17 бала қабылданды. Оның 10-ер бала, 7 қыз бала болды. Жоспар бойынша 1-қыркүйек Білім күні мерекелік бағдарламамен өткіздік. Таңертеңгілік сабақтан кейін балалар күн режиміне сай серуенге шығарамыз. Онда балаларға табиғатты бақылауды, айнала қоршаған ортаны бақылауды үйреттім. Жыл бойын топта мынадай тақырыптарда ашық сабақтар өтті. «Үй жануарлары» «Менің отбасым» «Ертегілер еліне саяхат» «Ойнап жүріп ойлайық» Балалармен салауатты өмір салтын сақтау мақсатында тақырыбы: «Спорт денсаулық кепілі» жарыстар өтті.

**№2 «Балбөбек» тобының тәрбиешісі: Кулибаева Г** Қыркүйекте №2 Балбөбек тобында 25 баламен жұмыстандық. Білім саласы қатынас, таным, әлеуметтік орта, денсаулық саласы бойынша іс-әрекеттер жоспармен жүргізілді. Қыркүйек айының бірінші аптасында Тіл апталығы болып өтті. Рәміздер күніне орай арнайы жоспар мен тақырыптық сабақтар өткіздік. Топтағы мерекелік ертеңгіліктерде балалар өз өнерлерін көрсетті. Жыл бойына тобымызда «Көкөністермен жемістер» «Құстар» тақырыбында балабақшалық ашық оқу іс-әрекеттері болды. Күн тәртібінде көрсетілген жоспарланған шаралардың барлығы өз уақытында болды. Топта балалардың денсаулығын қорғау мақсатында Шынықсаң

шымыр боларсың! Жарыс болды. Онда біздің топ ынталандыру сыйлығына ие болды.

**№3 «Ботақан» тобының тәрбиешісі: Қарасаева/сөз сөйледі/**

Оқу жылын 25 баламен бастадық. Балабақшамыз «Үлгілік» бағдарламасына сүйене отырып жұмыс жасайды. Бес білім саласы бойынша топта тіл дамыту, көркем әдебиет, математика, сурет, мүсіндеу, жапсыру, дене тәрбиесі т.б сабақтар жүргізіледі. Математикада балалар 1-10 дейін санауды, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптасытырып ойлауды үйренді. Қиналған балалармен жеке жұмыс жүргіздік. Топта жылына 5-6 рет ата-аналар жиналысы болды. Онда балалар өмірі мен денсаулығын сақтауға арналған кеңестер, баяндамалар оқылды. Балаларымның білім деңгейлері қанағаттанарлық деңгейде.

Соңғы мәселе бойынша әдіскер Г Сағпазова тәрбиешілерге тапсырма берді. Жазғы денсаулықты сақтау шараларын дұрыс жоспарлауын керекті құралдарды толықтыруын тапсырды.

**Шешім:**

1. 2022-2023 оқу жылының бағдарламалық орындалу қорытынды сараптамалары, жылдық есеп. №1 «Күншуақ» кіші тобы, №2 Балбөбек ортаңғы тобы, №3 «Ботақан» ересек тобы оқу процессінің қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.

2. Жаз мезгілінің жоспарларымен таныстыру, бекіту әдіскерге жүктелсін.